

**"Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің штат саны мен құрылымы туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 11 ақпандағы № 533 Жарлығына
толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 802
Жарлығы

Қазақстан Республикасының Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы
Конституциялық заңның 17-1-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ
ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің штат саны мен құрылымы
туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 11 ақпандағы № 533
Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 5, 52-құжат) мынадай
толықтыру енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президенті
Әкімшілігінің құрылымы:

"Сыртқы саясат орталығы" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен
толықтырылсын:

"Талдау және болжамдау орталығы".

2. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы осы Жарлықтан
туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н.Назарбаев